

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**С.АМАНЖОЛОВ атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ЕРЕЖЕ

**С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚМУ
ДУАЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ**

Е ШҚМУ 023-19

Екінші басылым

Көшірмелер № _____

**Өскемен қ.,
2019 ж.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

С.АМАНЖОЛОВ атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН

Ректор, профессор

М.Ә.Төлеген


« 01 » 04

2019ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ 28	Бірінші басылым
Е ШҚМУ 023-19	Беттер саны: 25
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ дуальді білім беру туралы	Енгізілу күні: « 01 » сәуір 2019ж. Бірінші тексеру уақыты 2022 ж. Тексеру мерзімділігі 3 жыл

ӘЗІРЛЕГЕН:

Академиялық саясат және білім беру
бағдарламаларын басқару департаменті директоры  Стеблецова И.С.

КЕЛІСІЛДІ:

Сапа бойынша басқару өкілі



Ровнякова И.В.

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор




Ерболатұлы Д.

Сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі
бастығының м.а.



Ордабаева М.А.

Құжаттарды бақылау және қамтамасыз ету бөлімі
бастығының м.а.



Чудобаева А.К.

Кадрлар және құқықтық қолдау бөлімінің
бастығы



К.Р.Раисова

Заңгер кеңесші



Раева Д.М.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	4
2	Нормативті сілтемелер.....	4
3	Белгілеулер мен қысқартулар.....	4
4	Ереженің мақсаты мен негізгі міндеттері.....	5
5	Білім берудің дуальді жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру...	5
6	Өзгертулер.....	8
7	Келісу, сақтау және тарату.....	9
	Қосымша 1 - Дуальді оқыту элементтерін іске асыру бойынша екіжақты шарттың формасы.....	11
	Қосымша 2 - Дуальді оқыту элементтерін іске асыру бойынша үшжақты шарттың формасы.....	15
	Қосымша 3 - Дуальді оқыту элементтерін іске асыру бойынша серіктес-оқыту кәсіпорынымен бірлескен қызмет жоспарының формасы.....	21
	Қосымша 4 - Дуальді оқыту элементтерін іске асыру туралы бұйрықтың формасы.....	22

1 Жалпы ереже

1.1 «С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетіндегі дуальді білім беру туралы» ережесі (бұдан әрі - Ереже) С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде (бұдан әрі - Университет) дуальді оқыту элементтерімен білім беру үдерісін ұйымдастырудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, шарттары мен тәртібін айқындайды.

1.2 Дуальді оқыту – бұл оқытудың теориялық бөлігі білім беру ұйымының базасында, ал тәжірибелік - өндірісте өтетін түрі. Осыған сәйкес университетте дуальді оқыту элементтерін енгізу кәсіпорын (ұйым) мен университеттің тең жауапкершілігі жағдайында жұмыс орындарын ұсынумен кәсіпорында (ұйымда) өндірістік оқытудың міндетті кезеңдерімен ЖОО-да оқытуды үйлестіретін кадрларды даярлау формасын іске асыруға бағытталған.

1.3 Университетте дуальді оқыту элементтерін енгізу экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне кадрларды даярлау деңгейін жақындатуды, оқытудың өндіріспен байланысын нығайтуды, түлектерді табысты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

1.4 Дуальді оқыту элементтерін енгізу бойынша университет кафедраларының қызметін үйлестіруді әдістемелік жұмыс және тәжірибе бөлімінің кәсіптік практика жетекшісі жүзеге асырады.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

2.2 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі №460 қаулысы».

2.3 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

2.4 «Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 қазандағы № 1093 қаулысы (2015 жылғы 5 ақпандағы №42 қаулысы өзгертулерімен).

3 Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР БҒМ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
ШҚМУ С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік

	университеті;
СММжББ	Сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі;
ОҮҮжББ	Оқу үдерісін ұйымдастыру және бақылау басқармасы;
ОЖЖ	Оқу жұмыс жоспары;
ҚБЖ	Құрылымдық бөлімше жетекшісі;
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі;
Е	Ереже.

4 Дуальді жүйенің мақсаты мен негізгі міндеттері

4.1 Дуальді жүйе мақсаты – университет қызметіне нәтижелер сәйкестігін көтеру, жоғары кәсіби білім беруде кадрлар даярлау деңгейінің жұмыс берушілердің қажеттілігіне жақындату, оқудың өндіріспен байланысын нығайту.

4.2. Дуальді жүйе міндеттері:

4.2.1 еңбек нарығы қажеттілігіне, экономика саласы дамуының болашағы мен динамикасына сай мамандар даярлау;

4.2.2 әлеуметтік серіктестікті жетілдіру;

4.2.3 экономика саласы дамуының индустриалды-инновациялық сұраныстарын ескере отырып, білім беру оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын сапалы түрде жаңарту және өзгерту;

4.2.4 білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және кәсіпорында/ұйымда/мекемеде оқу процесін ұйымдастыруға, білім алушылардың кәсіптік даярлығын бағалау мен сапасын бақылауға әлеуметтік әріптестердің қатысуын қамтамасыз ету;

4.2.5 білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі жүйелердің (ғылым мен білім беру, білім беру және өндіріс) өзара байланысын, өзара кірігуін және өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

4.2.6 нақты өндірістік жағдайларда кәсіби тәжірибені тарату үшін жағдай жасау;

4.2.7 Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға көмектесу.

5 Білім берудің дуальді жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру

5.1 Дуальді жүйе университеттің білім беру процесіне серіктес - кәсіпорындардың / ұйымдардың тікелей қатысуын көздейді.

5.2 Дуальді оқыту жүйесі екі кезеңнен тұрады: теориялық және практикалық. Теориялық оқыту университеттің аудиториялары мен зертханаларында, ал тәжірибелік - серіктес кәсіпорындардың / ұйымдардың жұмыс орындарында ұйымдастырылады.

5.3 Серіктес – кәсіпорындар / ұйымдар базасында дуальді оқыту жүйесі бойынша оқу үдерісі университетте сабақтармен қатар ұйымдастырылады.

5.4 Дуальді оқыту элементтерімен оқу процесін жоспарлау оқытудың кредиттік технологиясына сәйкес жүзеге асырылады.

5.5 Университет оқу үдерісін толық көлемде ақпараттық көздермен қамтамасыз етеді: оқулықтармен, оқу және оқу-әдістемелік құралдармен және оқу пәндері бойынша әзірлемелермен, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулармен, электрондық оқулықтармен, желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікпен. Кәсіпорын / серіктестік – ұйым кәсіптік оқыту үшін жұмыс орындарын ұсынады.

5.6 Университетте дуальді оқыту элементтерін бірлесіп іске асыру туралы келісім – шарттары бар серіктес – кәсіпорындар / ұйымдардың тізбесі жасалады.

5.7 Дуальді оқыту дуальді оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Дуальді оқыту жүйесі мазмұнының міндетті компоненті оқыту серіктес – кәсіпорнымен / ұйыммен келісілген болып табылады:

5.7.1 дуальді оқыту жүйесін іске асыру бойынша екіжақты шарт (Университет - оқытатын кәсіпорны) (1 - қосымшаға сәйкес);

5.7.2 дуальді оқыту жүйесін іске асыру бойынша үшжақты шарт (Университет - білім беруші кәсіпорын - білім алушы) (2 - қосымшаға сәйкес);

5.7.3 оқытатын кәсіпорынмен бірлескен қызмет жоспары (3 - қосымшаға);

5.7.4 білім беру бағдарламасы;

5.7.5 жұмыс оқу жоспары.

5.8 Дуальді оқыту жүйесі туралы шартта Университет пен білім беруші кәсіпорын өзара келісім бойынша дуальді оқыту жүйесі компоненттерінің нақты тізбесін анықтайды. Университеттің оқытушы серіктес - кәсіпорынмен / ұйыммен келісімі бойынша анықталатын компоненттерге:

5.2.1 кәсіптік оқыту үшін жұмыс орындарын ұсыну;

5.2.2 студенттің тәлімгерін оқыту кәсіпорнында (өндірісте) бекіту;

5.2.3 болашақ маманның қажетті құзыреттілігін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасауда Университетке жан-жақты практикалық көмек көрсету;

5.2.4 білім алушыларды нарықтық экономикалық жағдайларда еңбекті ұйымдастыру және ынталандыру формаларымен, өндірістің жаңа техникасымен және технологиясымен, алдыңғы қатарлы еңбек әдістерімен таныстыру;

5.2.5 білім алушыларды техникалық құжаттамамен, материалдармен, бөлшектермен, құрылымдармен, аспаптармен, құрылғылармен, жабдықтармен және т.б. уақытылы қамтамасыз ету;

5.2.6 университет оқытушыларына кәсіпорынның даму жоспарын және еңбек өнімділігін арттыруды ескере отырып, білім алушыларға арналған нақты практикалық-бағытталған тапсырмаларды әзірлеуге көмек көрсету;

5.2.7 білікті кадрларды кәсіби даярлауға қойылатын талаптар мен еңбекті қорғау бойынша ережелер мен нормаларға сәйкес университет студенттері үшін салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау;

5.2.8 білім алушылардың орындалатын жұмыстарының сапасын бақылауды жүзеге асыру, нормативтік құжаттармен белгіленген тәртіпте олармен кіріспе нұсқама жүргізуі;

5.2.9 білім алушы серіктес – кәсіпорын / ұйым өкілінің университет білім алушыларын қорытынды аттестаттауға қатысуы;

5.2.10 оқыту кәсіпорындарында университет оқытушылары үшін тағылымдамалар ұйымдастыру;

5.2.11 университетте арнайы пәндер бойынша дәрістер оқу үшін кәсіпорын кадрларын тарту;

5.2.12 практика сұраныстарын ескере отырып, студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми – зерттеу жұмыстарының тақырыптарын қайта қарауға оқытушы серіктес – кәсіпорынның / ұйымның өкілдерін тарту;

5.3 Университетте дуальді оқыту элементтерін енгізу кезінде пәннің оқу материалының 40% дейін өндірісте жанама түрде игерілуі тиіс. Бұл ретте университеттің сабақ кестесінде дуальді оқыту жүзеге асырылатын пәннің атауы, тәлімгердің аты - жөні және базасында өндірістік оқыту жүзеге асырылатын оқытушы серіктес - кәсіпорынның атауы көрсетіледі.

5.4 студенттерді оқыту үшін өндірістегі мамандарға (тәлімгерлерге) еңбекақы төлеу белгіленген нормалар бойынша ЖОО-мен жүргізіледі.

5.5 кәсіпорын қызметкерлерін дәріс оқуға немесе университетте басқа да сабақ түрлерін өткізуге тартқан жағдайда төлем нақты жұмыс істеген сағат саны үшін жүргізіледі.

5.6 дуальді оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру кезінде:

5.6.1 **кафедра меңгерушісі** келесі сұрақтарды шешеді:

- бірлесіп дуальді оқыту элементтерін енгізу жоспарланып отырған серіктес - кәсіпорынды / ұйымды анықтау және таңдау;

- серіктес кәсіпорынмен белгіленген форма бойынша екіжақты және үшжақты шарттар жасау;

- дуальді оқыту элементтерін жүзеге асыру туралы бұйрық шығару, онда пәннің атауы, дуальді оқыту енгізілетін білім беру бағдарламасы, білім алушылардың курсы, оқыту тілі, кәсіпорыннан бекітілген оқытушының аты-жөні, оның лауазымы (4 - қосымшаға сәйкес);

Дуальді оқыту элементтерін енгізу туралы бұйрық академиялық кезең басталғаннан кемінде 10 күн бұрын шығару;

- сабақ кестесіне енгізу үшін қажетті ақпаратты - дуальді оқыту іске асыру жүзеге асырылатын элементтерін, білім беру бағдарламасын, семестрді, курсты, оқыту тілін тәртіпті көрсете отырып, қызметтік жазбаларды ресімдеу. Қызметтік жазбаға факультет деканы, академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаментінің директоры, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор рұқсатнама қояды;

- білім алушыларды оқыту және бағалау нәтижелерін қадағалау (эдвайзермен бірге);

- орындалған қызметтер актісін, өтелмелі қызмет көрсету шартын жасау; (дуальді оқыту элементтерін жүзеге асыру жүзеге асырылған академиялық кезең аяқталған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей);

- дуальді оқыту элементтерін енгізу қорытындысы бойынша факультет деканымен келісу және рәсімдеу;

- өтеулі қызмет көрсету шартын жасауды ұйымдастыру, құжаттар пакетін құрау, атқарылған жұмыстар актісін рәсімдеу және осы құжаттарды заң-кеңесшісіне, жоспарлау-экономикалық бөлімінің маманына, ректорға келісуге беру (дуальді оқыту элементтерін іске асыру жүзеге асырылған академиялық кезең аяқталған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей). Төлемақыны жүргізу үшін ректордың қолы қойылған құжаттарды бухгалтерлік есеп бөліміне беру.

- дуальді оқыту элементтерін енгізу қорытындысы бойынша есепті факультет деканымен келісу және рәсімдеу;

5.6.2 тіркеу бөлімі:

- кафедра меңгерушісінің қызметтік жазбасының негізінде дуальді оқыту жүзеге асырылатын пәннің атауы, тәлімгердің аты - жөні және базасында өндірістік оқыту жүзеге асырылатын оқытушы серіктес кәсіпорынның атауы көрсетілген сабақ кестесін жасау;

- емтихан ведомостарын беру.

5.6.3 әдістемелік жұмыс және іс-тәжірибе бөлімі (кәсіби іс-тәжірибесі жетекшісі атынан):

- дуальді оқыту элементтерін жүзеге асыру үшін нормативтік-құқықтық қорын жасау және өзектендіру;

- дуальді оқыту элементтерін бірлесіп іске асыру туралы келісім-шарттары бар серіктес-кәсіпорындар / ұйымдар тізбесін жыл сайын Университет сайтына дайындау, өзектілендіру және орналастыру;

- университетте дуальді оқыту элементтерін жүзеге асыру, бұйрықтар мен есеп беру құжаттарын уақытылы шығару мәселелерін үйлестіреу;

- университетте дуальді оқыту элементтерін жүзеге асыру, бұйрықтар мен есеп беру құжаттарын уақытылы шығару мәселелерін үйлестіру;

- дуальді оқыту элементтерін жүзеге асыру арқылы білім беру үдерісінің сапасын арттыру мәселелерін талқылау бойынша оқыту семинарларын, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;

- қажет болған жағдайда Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен жетекші оқытушыларын тарта отырып, жұмыс топтарын құру.

6 Өзгертулер

6.1 Ережеге өзгерістер мен қосымшалар СБӨ рұқсатымен енгізіледі және оның қолы қойылып, өзгеріс туралы хабарлама түрінде құжатталады. Өзгеріс туралы хабарлау парағы белгіленген үлгіге сәйкес хатталады және осы ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен

қосымшалар ҚР ШҚМУ 001-13 талаптарына сәйкес енгізіледі. Сақтауға берілген ережеге өзгерістер енгізу туралы хабарламаны әзірлеуші бөлімше шығарады. Ережеге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістерді және қосымшаларды тіркеу парағына белгілей отырып, енгізеді;

6.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін СМЖжМББ және ҚБЖ жауапты;

6.3 Ережені тексерулердің мерзімділігін есепке алу парағына міндетте түрде белгілей отырып, ҚБЖ үш жылда кем дегенде бір рет қайта қарайды;

6.4 Ережеге өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін мыналар негіз бола алады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен қосымшалар;
- ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта құру;
- СБӨ рұқсатымен енгізілген өзгерістердің себебі көрсетілген ҚБЖ қызметтік жазбасы;

6.5 Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгертілген кезде ереже ауыстырылуы керек;

6.6 Ауыстырылған жағдайда ереженің күшін жоғалтқан университеттегі барлық даналар алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс;

6.7 Ескірген ережені алу және ауыстыру үшін ҚБЖ және СМЖжМББ жауапты;

6.8 Ескірген ережеде «Жойылды» деген белгі, жою негіздемесі, күні және «Жойылды» деген белгіні қойған тұлғаның қолы қойылып, мұрағатқа жіберіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмысқа пайдаланылмайды.

7 Келісу, сақтау және тарату

7.1 Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді ҚБЖ жүзеге асырады;

7.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ережені мыналар келіседі:

- СБӨ;
- оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры;
- СМЖжМББ бастығы;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы;
- заңгер-кеңесші.

7.3 Ережені ректор бекітеді және жойылғанға дейін әрекет етеді.

7.4 Ереженің түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады және оның сақталуы үшін құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауапты болады.

7.5 Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі таратады.

7.6 Ереженің есепке алныған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін ҚБЖ жауапты.

Дуальді оқыту элементтерін іске асыру жөніндегі екіжақты шарттың формасы

<p align="center">ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛІСІМ-ШАРТЫ</p> <p>Өскемен қаласы «__»____20__ж.</p> <p>Бұдан әрі «С.Аманжолов атындағы ШҚМУ» деп аталатын «С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан, университет Жарғысының негізінде әрекет етуші, ректоры _____ тұлғасында, бір жағынан, бұдан әрі «кәсіпорын» деп аталатын <i>ШҚО ББ «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы мектеп-гимназия-интернаты» КММ</i> атынан, Ереже (Жарғы) негізінде әрекет етуші, директоры _____ тұлғасында, екінші жағынан бірге аталатын «Тараптар», бұдан әрі университет түлектерінің тәжірибелік даярлық сапасын көтеру жолында ынтымақтастықты дамыту және дуалды оқыту жүйесін енгізу мақсатында төменде көрсетілгендер бойынша осы шартты (келесі мәтін бойынша-Шарт) жасады:</p> <p>1. ШАРТТЫҢ МӘНІ</p> <p>1.1. Тараптар білім алушыларға қатысты С.Аманжолов атындағы ШҚМУ 3 оқу курсы іштей оқу түрінің _____ мамандығы дуалды оқытуды бірлесіп ұйымдастыру мен іске асыруда міндеттемелер алады.</p> <p>1.2 Осы шартта Тараптар өздерінің өзара қарым-қатынасында ҚР Үкіметі №1093 01.10.2014 жылғы «Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуалды білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы» Қаулысын, «С.Аманжолов атындағы ШҚМУ білім беру дуалды жүйесі туралы Ережесін» басшылыққа алады. Дуалды оқытудың мақсаты жоғары кәсіби білім берудегі МЖМБС сәйкес білім беру бакалавры біліктілігін игеру бойынша білім _____ алушыларының _____ білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі, сонымен бірге, қазақ тілі және әдебиетін оқыту саласында олармен практикалық жұмыс дағдыларын <i>ШҚО ББ «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы мектеп гимназия-интернаты» КММ</i> мекемелер мен бөлімшелерде игеру болып табылады.</p>	<p align="center">ДОГОВОР О СОТРУДНИЧЕСТВЕ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ</p> <p>г.Усть-Каменогорск «__»____20__г.</p> <p>Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Восточно-Казахстанский государственный университет имени Сарсена Аманжолова» (далее - «ВКГУ имени С.Аманжолова»), в лице ректора _____, действующего на основании Устава, с одной стороны, и КГП «Областная специализированная школа-гимназияинтернат им.Жамбыла для одаренных детей» УО ВКО (далее - «предприятие/учреждение») в лице директора _____, действующего на основании Устава, с другой стороны, вместе именуемые «Стороны», в целях дальнейшего развития сотрудничества в области повышения качества практической подготовки выпускников университета и внедрения дуальной системы обучения заключили настоящий Договор (далее по тексту - Договор) о нижеследующем:</p> <p>1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА</p> <p>1.1 Стороны обязуются совместно организовывать и осуществлять дуальное обучение в отношении обучающихся 3 курса обучения ВКГУ имени С.Аманжолова очной формы обучения специальности _____.</p> <p>1.2 В настоящем договоре Стороны в своих взаимоотношениях руководствуются Постановлением Правительства РК от 01.10.2014 года №1093 «Дорожная карта дуальной системы образования, предусматривающая создание учебных центров повышения квалификации и переквалификации при производственных предприятиях и их участие в подготовке ВУЗами и колледжами специалистов», «Положением о дуальной системе образования в ВКГУ имени С.Аманжолова». Целью дуального обучения является качественное освоение обучающимися образовательной программы _____ высшего профессионального образования согласно ГОСО по освоению квалификации бакалавр образования, а также приобретение ими практических навыков работы в области преподавания казахского языка и литературы в Учреждении и подразделениях КГП «Областная специализированная школагимназия-интернат им.Жамбыла для</p>
--	--

<p>1.3 Осы шартпен түсіндірілмеген барлық құқықтар мен міндеттер «С.Аманжолов атындағы ШҚМУ білім беру дуалды жүйесі туралы Ережесінде», тек сонда көрсетілгендей, орындалады.</p> <p>2 ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ</p> <p>2.1. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ міндетті:</p> <p>2.1.1. Дуалды оқыту бағдарламасы, Кәсіпорын/мекемелер базасында оқуды өткізу мерзімі, Кәсіпорын/мекемелер базасында дуалды оқыту кезінде білім алушылардың іс-әрекетінің негізгі бағыттары, Кәсіпорын/мекемелерге Мекемелермен жолданған білім алушылар саны туралы Кәсіпорын/мекемелермен келісілу.</p> <p>2.1.2. Кәсіпорын/мекемелерге білім алушылар құрамы тізімін, бірлескен іс-әрекет жоспарын (кәсіпорында студенттердің оқу кестесі мен оқу сабақтарын кәсіпорын өкілдерінің университетте жүргізуі), сонымен бірге, Кәсіпорын/мекемелердің сұранысы бойынша қосымша ақпараттарды дуалды оқыту басталғанға дейін бір ай бұрын, дер уақытында жолдау.</p> <p>2.1.3. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-нен білім алушылардың әрбір тобына әдіскер/кураторларды бекіту.</p> <p>2.1.4. Білім алушыларды білім беру іс-әрекетінің мақсат, міндеттерімен сәйкес келетін материалдармен және оқуәдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету.</p> <p>2.1.5. Білім алушылардың оқу, педагогикалық және өндірістік істәжірибелерге жолдауда алдынала кәсіби даярлығын, Кәсіпорын/мекеме территориялары мен жұмыс орындарында тәртіп ережесін сақтау және үйрену, Кәсіпорын/мекемелерде ішкі еңбек тәртібі ережесін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелері мен басқадай нормаларын қамтамасыз ету.</p> <p>2.1.6. Білім алушылардың тәлімгерлері дер кезінде дуалды оқыту жоспарын жүзеге асыруда кәсіпорын/мекеме қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсетуге;</p> <p>2.1.7. Дуалды оқыту бағдарламасын орындау үшін білім алушыларға жеке тапсырмалар беруге және дуалды оқыту күнделіктерімен қамтамасыз етуге;</p> <p>2.1.8. Дуалды оқытудың ажырамас бөлігі кәсіпорында оқыту болып табылатындықтан, дуалды оқытудың нәтижесі бойынша қорытынды емтиханды өткізуді қамтамасыз етуге;</p> <p>2.1.9. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ негізінде білім беру үрдісін іске асыру немесе іс-тәжірибе кезеңінде кәсіпорын/мекеме қызметкерлерінің еңбегін уақытында төлеуге.</p> <p>2.1. Кәсіпорын міндетті:</p> <p>2.2.1. Студентті дуалды оқытуды ұйымдастыру мен өткізуде мекеме</p>	<p><i>одаренных детей» УО ВКО.</i></p> <p>1.3 Все права и обязанности, не оговоренные настоящим договором, исполняются так, как указано в «Положении о дуальной системе образования в ВКГУ имени С.Аманжолова».</p> <p>2. ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</p> <p>2.1. ВКГУ имени С.Аманжолова обязуется:</p> <p>2.1.1. Согласовывать с Предприятием/учреждением программу дуального обучения, сроки проведения обучения на базе Предприятия/учреждения, основные направления деятельности обучающихся в период дуального обучения на базе Предприятия/учреждения, количество обучающихся, направляемых Учреждением на Предприятие/учреждение.</p> <p>2.1.2. Своевременно, не позднее, чем за месяц до начала дуального обучения, направлять на Предприятие/учреждение списочный состав обучающихся, план совместной деятельности (с графиком обучения студентов на предприятии и ведения учебных занятий представителями предприятия в университете), а также дополнительную информацию по запросу Предприятия/учреждения.</p> <p>2.1.3. Закрепить за каждой группой обучающихся методистов/кураторов от ВКГУ имени С.Аманжолова.</p> <p>2.1.4. Обеспечить обучающихся учебнометодической литературой и материалами в соответствии с целями и задачами образовательной деятельности.</p> <p>2.1.5. Обеспечить предварительную профессиональную подготовку обучающихся направляемых на учебную, педагогическую и производственную практику, изучение и соблюдение правил поведения на рабочих местах и на территории Предприятия/учреждения, правил техники безопасности, охраны труда и других норм и правил внутреннего трудового распорядка Предприятия/учреждения.</p> <p>2.1.6. Оказывать работникам Предприятия/учреждения – наставникам обучающихся, своевременную методическую помощь в реализации плана дуального обучения.</p> <p>2.1.7. Обеспечить обучающихся дневниками дуального обучения, выдать индивидуальное задания для выполнения программы дуального обучения.</p> <p>2.1.8. Обеспечить проведения итогового экзамена по результатам дуального обучения, который является неотъемлемой частью обучения на Предприятии.</p> <p>2.1.9. Своевременно оплачивать труд работников Предприятия/учреждения по</p>
---	--

